

**Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің
2025-2026 оқу жылының психологиялық қызметінің
жұмыс есебі.**

Психологиялық қызметінің мақсаты:

Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық денсаулығын сақтау. Орта білім беру ұйымдарында қолайлы әлеуметтік-психологиялық климат жасау және білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық қызметінің міндеттері:

- 1) Оқушылардың, жеке дамуына жәрдемдесу, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- 2) Оқушылардың тез дамып келе жатқан ақпараттық қоғам жағдайында табысты әлеуметтенуіне психологиялық көмек көрсету;
- 3) әр бір оқушыға, оның жеке басы психологиялық-педагогикалық зерттеу негізінде жеке көзқарас қалыптастыруға ықпал ету;
- 4) Психологиялық диагностика жүргізу және оқушылардың шығармашылық қабілетерін дамыту;
- 5) Оқушылардың психологиялық қиындықтары мен проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- 6) Психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмысының оңтайлы әдістерін таңдауда ата-аналарға (заңды өкілдерге) және педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
- 7) Білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

Психологиялық қызметінің бағыттары:

1. Психодиагностика
2. Түзету-дамыту жұмысы
3. Профилактика және психологиялық ағарту
4. Консультация беру
5. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс

Қыркүйек айында бірінші сыныпта ата-аналар жиналысын өткіздім.

Тақырып: **«Бірінші сынып оқушыларын бейімдеу»**

Мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтау тесті Керн-Йерасек тесті
1 сыныптарда өткіздім.

Тест үш графикалық және бір ауызша тапсырмадан тұрады. Бірінші тапсырма – ер адамның сыртқы пішінін салу, екіншісі - әріптердің жазба түрін көшіріп жазу, үшіншісі – нүктелер тобын көшіріп жазу. Әр тапсырманың нәтижесі бес ұпайлық жүйемен бағаланады (1-жоғары, 5-төменгі ұпай). Содан кейін үш тапсырма бойынша жиынтық баға шығарылады: 3-6 ұпайға дейін ортадан жоғары, 7-11-ге дейін орта, 12-15 ұпай нормадан төмен. 12-15 ұпай алған балаларды тереңірек зерттеу қажет. Өйткені, олардың ақыл-ойының дамуы төмен болуы мүмкін.

№1 тапсырма

«Қандай да бір ер адамның суретін сала алғаныңша сал» деп жазылған қағазды әр балаға көрсетеді. Бұдан басқа түсініктеме, көмек, түзету жұмыстары болмайды. Егер, балалардың барлығы қалай салу жөнінде сұрап жатса, онда психолог «Шаман келгенше суретін сал» деген жауаптан таңбау керек. Егер бала бірден сурет салуға

кірісіп кетсе, онда балаға жақындап: «Сен суретті әдемі салып жатырсың, сала ғой», - деп, мадақтап қою керек.

Кейде балалар: «Еркектің орнына әйелдің суретін салуға бола ма?» - деп сұрай бастайды. Мұндай жағдайда барлығының да ер адамның суретін салып жатқанын, сондықтан ол сол суретті сала бастаса, оны жалғастыруын қадағалау қажет. Одан кейін жанына ер адамның суретін салуды өтінген жөн. Суреттерді салып болған соң, қағаздарының екінші бетін аударту керек.

№2 тапсырма

Әріптердің жазба түрін көшіріп жазып беруді ұсыныңыз. Бақылаушы: «Қарашы, мына жерде жазулар жазылған. Сен әлі жазып үйренбегенсің, бірақ мына жазуларды жақсылап қарап алып, көшіріп жазып көрші» - деп ұсыныс білдіреді. Ең алдымен балаға жазып көрсетеміз. Тапсырманы орындау кезінде олардың әрекеттеріне бақылау жасай отырып, әрқайсысының ерекшеліктерін бақылаушы өзіне жазып алып отырғаны жөн. Сонымен қатар, оның қозғалысы қалай? Тапсырманы орындағанда бір орында отырады ма, әлде айналып, қозғалып отырады ма? Қарындашын жиі түсіріп алып, іздеп отырады ма? Үлгідегі сөйлемді қажетті жерге жазып отыр ма, әлде қалаған сызықтарын жүргізіп отыр ма? Осындай қимыл-әрекетіне көңіл бөліп, қажет жағдайларын түртіп алып отыру қажет.

№3 тапсырма

«Мына нүктелерге қарандаршы. Қазір осы нүктелердің жанына осындай нүктелер салып көресіңдер». Баланың іс-әрекеттеріне бақылау жасап отырамыз.

№	Тапсырма 1	Тапсырма 2	Тапсырма3		Нәтижесі
1	1балл	2балл	1балл	4балл	жоғары
2	1балл	2балл	1балл	4балл	жоғары
3	1балл	2балл	1балл	4балл	орташа
4	3балл	3балл	2балл	3балл	жоғары
5	3балл	3балл	2балл	3балл	жоғары
6	1балл	3балл	4балл	4балл	жоғары
7	1балл	3балл	3балл	4балл	жоғары
8	3балл	3балл	2 балл	7балл	орташа
9	1балл	2балл	1балл	4балл	жоғары
10	1балл	2балл	1балл	4балл	жоғары

Тест нәтижелері

Тестілеу нәтижесінің жалпы бағасы

Бастапқы үш тесттен 3-тен 6-ға дейін ұпай жинаған балалар оқуға дайын, 7-9 ұпай жинағандардың оқуға дайындығы орташа, 9-10 ұпай алған балалар одан да тереңірек зерттеуді қажет етеді деп есептелінеді. 12-15 ұпай жинаған балаларға баса назар аударуымыз керек, бұл көрсеткіш дамудың төмен деңгейін көрсетеді. Мұндай балалар жеке басының ой-өрісінің дамуын, тұлғалық дамуын, қызығушылық сапаларын тереңдей зерттеуді қажетсінеді.

В.Щур«Баспалдақ» әдісімен оқушылардың өзіндік бағалауын анықтау

Мақсаты: баланың өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау.

Нұсқау:Егер балалардың барлығын осы баспалдаққа отырғызсақ, онда жоғарғы үш сатысында жақсы балалар: ақылды, қайырымды, мықты әрі үлкендерді тыңдайтын балалар отырады, ал төменгі үш сатыда жаман балалар отырады. Ортаңғы сатыларда жақсы да емес, жаман да емес балалар орналасады. Сен өзінді қай сатыға қоятыныңды көрсет. Неге осы сатыға қойғаныңды түсіндір.

Жоғары деңгей 9-10баспалдақ,орташа деңгей 8-5 баспалдақ,төмен деңгей 4-1 баспалдақ.

Баспалдақ әдістемесі бойынша нәтижелер оқушылардың өзін-өзі бағалау жоғары деңгейде.

М.А. Панфиловтың прекувтивті әдістемесі«Кактус» тест өткіздім.

Мақсаты:эмоционалды жеке саласын зерттеу.

Бұл әдістемені орындау кезінде баланың эмоционалды және жеке саласы зерттеледі. Оның көмегімен сіз оқушының агрессияға ұшырағанын, оның қаншалықты қарқынды екенін және ол неге бағытталғанын анықтай аласыз. «Кактус» әдісін психологтар үш жастан асқан балалармен жұмыс істеуде қолданады, себебі бала қарындашты қолына жақсы ұстап, сурет салуды білуі қажет.

Нәтижесі бойынша сынпта қорқыныш,үрей жоқ.Жанұяда болғандарын ,жанұясын жақсы көреді.Агрессия деңгейі төмен.

Н.Г. Лусканова әдістемесі бойынша оқушылардың оқу мотивациясын анықтау Оқу мотивациясы деңгейін бағалау үшін Н.Г.Лусканов арнайы сауалнама ұсынды.

10 сұрақтың жауаптары 0-ден 3 балға дейін бағаланады (теріс жауап - 0 балл, бейтарап -1 балл, оң жауап - 3 балл). 30-25 балл жинаған оқушылар мектепке бейімделуінің жоғары деңгейін. 20-24 балл ортаңғы норманы, 15-19 балл ішкі мотивацияны, 10-14 балл және одан төменгі балл - мектепке деген теріс қарым-қатынасын, яғни мектеп дезадаптациясын көрсетеді.

Оқу мотивациясының динамикасын бағалау үшін сауалнамада сұрақтар қайталанып келеді. Оқу мотивация деңгейінің төмендеуі баланың мектеп дезадаптациясының көрсеткішін, ал оның жоғарылауы - оқудағы және дамудағы оң динамикасын білдіреді.

«Оқу мотивациясын анықтау» сауалнама нәтижесі

Оқушылардың оқу мотивациясы ортаңғы деңгейде – оқушылардың мектепке қатынасы оң; бірақ оқушылар бақылауды талап етеді; сыныпта оқушылар бір-бірімен дос, қарым-қатынастары жақсы.Оқушылардың темпераменттерін анықтау.Нәтижесінде оқушылардың темперамент түрлері аралас.

Темперамент түрін анықтау. Т. Маталина бейімдеген Айзенк тесті.

Мақсаты : Оқушылардың темперамент типін анықтау

Г. Айзенк анықтамасына орай, **холериктер** – сезімтал, агрессивті, шамданғыш, көңіл-күйі өзгергіш, басқамен қарым-қатынаста я сезім қатынасында тұрақсыз, әр түрлі жағдайларда соқпа мінезді, оптимист, белсенді, сенгіш, ашуланшақ.

Сангвиник – ашық, көпшіл, сөзшең,қайырымды,қысылып-қымтырылмаытын, өмір сүйгіш, уайымсыз, көтеріңкі көңілді, басшылыққа бейім.

Флегматик– сақ,енжар, байыпты, өзгеге жақсылық тілегіш, ынтымақшыл, өз ісін ойлап істейтін, сенімді, тұрақты, бір қалыпты.

Меланхолик – беймаза, ренжігіш, ойлампаз, қырағы, пессимист,

тұйық, ұстамды, көп сөзі жоқ. Нәтижесінде оқушылардың темперамент түрлері аралас.

«Қыркүйек айында бесінші сыныпта ата-аналар жиналысын өткіздім.

Тақырып: «**Бесінші сыныпқа оқушылардың бейімдеу**»

Қарым-қатынасты дамытуға арналған ойындар Қарым-қатынасқа арналған ойындар нәтижесінде Қарым-қатынасқа бағытталған психологиялық ойындар мен жаттығулар барысында оқушылар бастапқыда белсенділік танытпай, бақылаушы позициясын ұстанды. Тапсырмаларға қосылуы баяу болды, нұсқауды нақты әрі жеке түсіндіруді қажет етті. Алғашқы кезеңде өз ойын айтуға қиналып, жауап бергеннен кейін үнсіз қалу байқалды. Ойындар үдерісінде қауіпсіз әрі қолдаушы орта қалыптасқаннан кейін оқушының эмоциялық күйі біртіндеп тұрақталып, сенімділігі артқаны байқалды. Қарапайым, рөлдік және жұптық ойындарда сыныптастарымен қарым-қатынасы жақсарып, тапсырмаларды орындауға ынтасы артты. Сұрақтарға қысқа болса да жауап беріп, өз пікірін білдіруге талпыныс жасады. Топтық ойындар кезінде басқа балалармен тіл табыса алатыны, ережені сақтайтыны және тапсырманы соңына дейін орындауға тырысатыны анықталды. Қақтығыс жағдайлары байқалмады. Жағымды кері байланыс пен мадақтау кезінде белсенділігі артып, эмоционалдық жай-күйі жақсарды.

Жалпы, қарым-қатынасқа арналған ойындар оқушының өзіне деген сенімділігін арттыруға, коммуникативтік дағдыларын дамытуға және сыныптастарымен өзара әрекеттесуін жақсартуға оң әсерін тигізді.

5 сынып оқушыларының мектепте мазасыздықты анықтау Филипс әдістемесі бойынша тест өткізу. Нәтижесі бойынша мектептегі мазасыздық деңгейі орташа. Бұл жақсы көрсеткіш.

Проективті тест «Өмірде жоқ жануар» Мақсаты: тұлғаның эмоционалды ерекшеліктерін, агрессивтілігін, қарым-қатынас саласын диагностикалау. Сыныпта мазасыздық, агрессивтілік деңгейі қалыпты, орташа. Оқушылардың жастарына сәйкес болды. Сынып бойынша оқушылардың арасында қарым-қатынастары жақсы.

Мюнстербергтің селективтілікті және зейіннің шоғырлануын анықтау әдістемесі. Мақсаты: оқушылардың зейінінің даму деңгейлерін анықтау. Оқушылардың зейіннің даму деңгейін бағалау әзірленген критериалды-диагностикалық құралдардың көмегімен жүзеге асырылды және келесі критерийлер бойынша бағаланды: Тапсырманы орташа деңгейде орындады, бұл оқушыларда тапсырмаға үлкен қызығушылық және оны жақсы орындауға деген ұмтылыс бар. Темперамент түрін анықтау. Т. Маталина бейімдеген Айзенк тесті

Мақсаты : Оқушылардың темперамент типін анықтау

Г. Айзенк анықтамасына орай, **холериктер** – сезімтал, агрессивті, шамданғыш, көңіл-күйі өзгергіш, басқамен қарым-қатынаста сезім қатынасында тұрақсыз, әр түрлі жағдайларда соқпа мінезді, оптимист, белсенді, сенгіш, ашуланшак.

Сангвиник – ашық, көпшіл, сөзшең, қайырымды, қысылып-қымтырылмағытын, өмір сүйгіш, уайымсыз, көтеріңкі көңілді, басшылыққа бейім.

Флегматик – сақ, енжар, байыпты, өзгеге жақсылық тілегіш, ынтымақшыл, өз ісін ойлап істейтін, сенімді, тұрақты, бір қалыпты.

Меланхолик – беймаза, ренжігіш, ойлампаз, қырағы, пессимист,

тұйық, ұстамды, көп сөзі жоқ **Қорытынды:** флегматик-3 сангвиник -2

Проективті тест «Өмірде жоқ жануар» Мақсаты: тұлғаның эмоционалды ерекшеліктерін, агрессивтілігін, қарым-қатынас саласын диагностикалау. Сыныпта мазасыздық, агрессивтілік деңгейі қалыпты, орташа. Оқушылардың жастарына сәйкес болды. Сынып бойынша оқушылардың арасында қарым-қатынастары жақсы. Мюнстербергтің селективтілікті және зейіннің шоғырлануын анықтау әдістемесі. Мақсаты: оқушылардың зейінінің даму деңгейлерін анықтау. Оқушылардың зейіннің даму деңгейін бағалау әзірленген критериалды-диагностикалық құралдардың көмегімен жүзеге асырылды және келесі критерийлер бойынша бағаланды. Тестілеу нәтижесі бойынша зерттелушінің зейіні орташа деңгейде дамығаны анықталды. Берілген тапсырмаларды орындау барысында оқушылар негізгі ақпаратты ажырата алады, алайда ұзақ уақыт бір жұмысқа зейін қою кезінде кейбір қиындықтар байқалады. Қателердің аз мөлшерде кездесуі зейіннің тұрақсыздығын көрсетеді. Қысқа уақыт ішінде тапсырманы орындауға қабілетті, бірақ жұмыс қарқыны кей сәттерде баяулайды. Бұл зейінді дамытуға арналған жаттығулардың қажет екенін білдіреді. Оқушының зейін деңгейі жас ерекшелігіне сай, қосымша дамыту жұмыстарын жүргізу ұсынылады. Зейінді дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар (лабиринт, айырмашылықты табу, сөз іздеу); Уақытты тиімді жоспарлау дағдыларын қалыптастыру; Сабақ барысында қысқа сергіту сәттерін ұйымдастыру;

Күн тәртібін сақтау.

«Қыркүйек айында 10 сыныпта ата-аналар жиналысын өткіздім.

Тақырып: «10 сыныпқа оқушылардың бейімдеу»

«Оқу мотивациясы» сауалнамасы Карпова Г.А. Мақсаты: оқушылардың оқу іс-әрекетінің саналы мотивтерін анықтау. Мотивтер:

Танымдық, Коммуникативті, Эмоционалды, Өзін-өзі дамыту, Оқушының позициясы

Жетістіктер, Сыртқы (көтермелеу, жазалау)

№	Оқушының аты-жөні	Танымдық	Коммуникат	Эмоционалд	Өзін-өзі	Оқушының	Жетістіктер	Сыртқы	Барлығы
1	А.Д.	1	2	1	2	2	2	1	11 жоғары
2	С.Ф.	3	1	1	2	1	3	1	12 жоғары
3	Ш.Е.	3	3	1	2	1	1	1	12 жоғары

10 сынып оқушыларының мектептегі мазасыздықты анықтау әдістемесі. Филлипс тесті.

№	Оқушының аты-жөні	деңгей
1	А.Д.	орташа
2	С.Ф.	орташа

3	Ш.Е.	орташа
---	------	--------

Темперамент түрін анықтау. Т. Маталина бейімдеген Айзенк тесті
Мақсаты: Оқушылардың темперамент типін анықтау

Г. Айзенк анықтамасына орай, **холериктер** – сезімтал, агрессивті, шамданғыш, көңіл-күйі өзгергіш, басқамен қарым-қатынаста я сезім қатынасында тұрақсыз, әр түрлі жағдайларда соқпа мінезді, оптимист, белсенді, сенгіш, ашуланшак.

Сангвиник – ашық, көпшіл, сөзшең, қайырымды, қысылып-қымтырылмағытын, өмір сүйгіш, уайымсыз, көтеріңкі көңілді, басшылыққа бейім.

Флегматик – сақ, енжар, байыпты, өзгеге жақсылық тілегіш, ынтымақшыл, өз ісін ойлап істейтін, сенімді, тұрақты, бір қалыпты.

Меланхолик – беймаза, ренжігіш, ойлампаз, қырағы, пессимист, тұйық, ұстамды, көп сөзі жоқ

Қорытынды:

№	Оқушының аты-жөні	Темперамент түрі
1	А.Д.	флегматик
2	С.Ф.	флегматик
3	Ш.Е.	сангвиник

2-4 сыныптарда проективті әдістемесі бойынша «Кактус» тестін өткіздім.

Мақсаты: оқушылардың эмоционалды жеке саласын зерттеу.

Қатысқан оқушылар саны-19.

Бұл әдістемені орындау кезінде баланың эмоционалдық және жеке саласы зерттеледі. Оның көмегімен сіз оқушының агрессияға ұшырағанын, оның қаншалықты қарқынды екенін және ол неге бағытталғанын анықтай аласыз.

Жалпы тестің нәтижесі бойынша оқушыларда қорқыныш, үрей, мазасыздық жоқ. Отбасыларында болғанын, жанұяларын жақсы көреді.

Агрессия деңгейі төмен. Өзін-өзі бағалау деңгейі жоғары.

Қараша, желтоқсан, қаңтар айларында «Профиль әдістемесі» Г.В. Резапкинаның модификациясындағы А.Е. Голомштоктың «Қызығушылық картасы» арқылы 7,8,9,10 сыныптарда оқушылардың мамандыққа қызығушылықтарын анықтау.

Қатысқан оқушылар саны-27

Мақсаты: Оқушылардың қызығушылық салаларын зерттеу.

Нәтижелерді өңдеу: 7,8,9 сынып оқушыларында қызығушылық салаларын таңдаған жауаптары нақты емес. Жұмысты ары қарай жалғастыру. 10 сынып оқушылары спорт, педагогика, медицина салаларына бейімділіктерін анықтадым.

Нәтижелерді өңдеу

Кәсіби қызметтің бағыттары	Оқушылар саны	Оқушылардың алған саны
Физика және математика	0	0
Химия және биология	1	1

Радиотехника және электроника	және 0	0
Механика және құрастыру	2	2
География және геология	3	3
Әдебиет және өнер	1	1
Тарих және саясат	3	3
Педагогика және медицина	1	1
Кәсіпкерлік және шаруашылығы	үй 3	3
Спорт және әскери істер	2	2

9 сыныптарда Карпова Г. А "Оқу мотивациясы" сауалнамасын өткіздім.

Мақсаты: 9 сынып оқушыларының оқу іс-әрекетінің саналы мотивтерін анықтау.

Қатысқан оқушы саны-8.Сауалнаманың нәтижесі Нәтижесі бойынша 9 сыныптарда оқушылардың оқу іс-әрекетінің саналы мотивтерін анықтауда таңымдық,коммуникативті, өзін-өзі дамыту, жетістіктер 62 % мотивтері жоғары деңгейде. Эмоционалды, Сыртқы (көтермелеу, жазалау) 38% мотивтері орташа деңгейде.

6,7,8 сыныптарда Карпова Г. А "Оқу мотивациясы" сауалнамасын өткіздім.

Мақсаты: оқушыларының оқу іс-әрекетінің саналы мотивтерін анықтау.

Қатысқан оқушы саны-18. Сауалнаманың нәтижесі Нәтижесі бойынша сыныпта оқушылардың оқу іс-әрекетінің саналы мотивтерін анықтауда таңымдық,коммуникативті, өзін-өзі дамыту, жетістіктер 32 % мотивтері жоғары деңгейде. Эмоционалды, Сыртқы (көтермелеу, жазалау) 48 % мотивтері орташа деңгейде. Эмоционалды мотивтері төмен 10% деңгейде.

11 сыныпта Карпова Г.А «Оқу мотивациясы»сауалнамасын өткіздім.

Мақсаты: оқушылардың оқу іс-әрекетінің саналы мотивтерін анықтау.

Мотивтер:Танымдық, Коммуникативті, Эмоционалды, Өзін-өзі дамыту,Оқушының позициясы Жетістіктер, Сыртқы (көтермелеу, жазалау) Қатысқан оқушылар саны-7 Нәтижесі бойынша сыныпта оқушылардың оқу іс-әрекетінің саналы мотивтерін анықтауда 100 % жоғары деңгейде.



«Адамдары бар ағаш» проективтік әдістемесі

Автор: Д. Лампен, бейімдеген Л.П. Пономаренко

Өткізу мерзімі: 22–24.09.2025 ж.

Зерттеуге қатысушылар: 2–4 сынып оқушылары. Оқушылар саны: 19

Диагностиканың мақсаты: Оқушылардың эмоционалдық жағдайының ерекшеліктерін, өзін-өзі бағалау деңгейін және ұжымдағы тұлғааралық қарым-қатынасын анықтау.

Диагностика нәтижелері

Зерттеу барысында келесі нәтижелер алынды:

Қауіпсіз аймақ – 100 % Орташа аймақ – 0 % Қауіп аймағы – 0 %

Жоғары бейімделу деңгейі – 19 оқушы (100%)

Орташа бейімделу деңгейі – 0 %

Төмен бейімделу деңгейі – 0 %

Қорытынды

2–4 сынып оқушыларының бейімделу деңгейі жоғары деңгейде.

Оқушылардың психоэмоционалдық жағдайы жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді.

Бастауыш мектептегі және орта буынға өту кезеңіндегі бейімделу үдерісі сәтті әрі айқын қиындықтарсыз өтуде.

Ұсынымдар

Пән мұғалімдеріне:

- қолайлы психологиялық ахуалды сақтау;
- мадақтау және қолдау әдістерін қолдану;
- оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту.

Ата-аналарға:

- баланы эмоционалдық тұрғыдан қолдауды жалғастыру;
- оның мектеп өміріне қызығушылық таныту;
- өзіне деген сенімділік пен дербестікті қалыптастыру.

Педагог-психологқа:

- бейімделу үдерісіне мониторинг жүргізуді жалғастыру;
- эмоционалдық интеллектіні дамытуға бағытталған профилактикалық жұмыстар өткізу;
- ұжымды біріктіруге арналған топтық тренингтер ұйымдастыру.

Сауалнама Д. Рассела и Фергюсона /Жалғыздық/

Мақсаты: оқушылардың жалғыздық сезімінің деңгейін, әлеуметтік қарым-қатынасқа қанағаттануын, сыныптағы өз орнын сезінуін және эмоциялық жай-күйін анықтау

Өткізілген күні: 13.10.2025ж.

Сынып 10-11

Оқушылар саны: 7

Нәтижелерді талдау: 0-ден 20-ға дейін – жалғыздықтың төмен деңгейі. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, оқушылардың жалғыздық деңгейі төмен екені анықталды.

Оқушылардың басым бөлігі өздерін сынып ұжымында жайлы және сенімді сезінетінін көрсеткен. Оқушылар арасында өзара түсіністік пен қолдау қалыптасқан.

Қарым-қатынас барысында ашықтық, бір-біріне деген құрмет байқалады.

Оқушылар арасында қарым-қатынас деңгейінде елеулі айырмашылықтар анықталған жоқ. Қорытынды: 10-11 сынып оқушыларында жалғыздық сезімі байқалмады.

Оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы жақсы, олар сынып ұжымына бейімделген, әлеуметтік ортада өзін еркін сезінеді. Бұл жағдай сыныптағы жағымды психологиялық ахуалдың қалыптасқанын көрсетеді.

Дэн Олвеустың «Буллинг» сауалнамасы бойынша психологиялық диагностика

Өткізу мерзімі: 15–18.09.2025 ж. Сыныптар: 5–11 сыныптар

Барлық оқушы саны: 47

Қатысқан оқушылар: 45

Қатыспаған оқушылар: 2

Диагностиканың мақсаты: білім алушылар арасында буллингтің таралу деңгейін, агрессивті мінез-құлық түрлерін және виктимизация көріністерін анықтау.

Диагностика нәтижелері: Тікелей белсенді буллинг (агрессия)

- әлсіз деңгейде – 43 оқушы

- орташа деңгейде – 2 оқушы

- айқын деңгейде – 0 оқушы

Жанама белсенді буллинг

- әлсіз деңгейде – 40 оқушы

- орташа деңгейде – 5 оқушы

- айқын деңгейде – 0 оқушы

Тікелей пассивті буллинг (виктимизация)

- әлсіз деңгейде – 43 оқушы

- орташа деңгейде – 2 оқушы

- айқын деңгейде – 0 оқушы

Жанама виктимизация (пассивті буллинг)

- әлсіз деңгейде – 45 оқушы

- орташа деңгейде – 0 оқушы

- айқын деңгейде – 0 оқушы

Нәтижелерді талдау

Диагностика нәтижелері бойынша ұжымдағы буллинг деңгейі жалпы алғанда төмен екені анықталды. Оқушылардың басым көпшілігі:

- агрессивті мінез-құлықтың айқын түрлерін көрсетпейді;

- тұлғааралық қарым-қатынастың қолайлы деңгейін сақтайды;

- буллингке агрессор немесе жәбірленуші ретінде тартылу деңгейі төмен.

Сонымен қатар, жекелеген оқушыларда: - тікелей және жанама буллингтің орташа деңгейдегі көріністері; - виктимизация элементтерінің болуы анықталды.

Білім алушылар арасында жанама виктимизация жағдайлары анықталған жоқ, бұл мектеп ұжымындағы психологиялық ахуалдың қолайлы екенін көрсетеді.

Қорытынды

Жалпы алғанда, оқушылар ұжымындағы психологиялық ахуалды қолайлы деп бағалауға болады. Буллингтің таралу деңгейі төмен, айқын агрессия жағдайлары анықталған жоқ.

Әдістеме: С. Маддидің «Өміршеңдік сауалнамасы» (Д.А. Леонтьевтің бейімдеуі)

Өткізу мерзімі: 10–12.02.2026 ж.

Диагностикаға қатысушылар: 7–11 сынып оқушылары

Оқушылардың жалпы саны: 30 адам

Диагностикадан өткендер: 28 адам

Диагностикадан өтпегендер: 2 адам

Диагностиканың мақсаты: оқушылардың өміршеңдік деңгейін анықтау, күйзеліске қарсы тұру қабілетін, ішкі тұрақтылығын және белсенді өмірлік ұстанымын бағалау.

Диагностика нәтижелері

Уровень жизнестойкости	Количество учащихся	Процент (%)
Высокий	2	4%
Средний	24	86%)
Низкий	2	7%)

Нәтижелерді талдау: Алынған мәліметтерді талдау нәтижесінде оқушылардың басым бөлігінде (86%) өміршеңдіктің орташа деңгейі анықталды. Бұл олардың өмірлік қиындықтарға бейімделу дағдыларының жеткілікті қалыптасқанын, күйзелістік жағдайларды еңсере алатынын көрсетеді. Дегенмен, кейбір жағдайларда оқушыларға өзіне деген сенімділік пен ішкі тұрақтылықты дамыту үшін қосымша қолдау қажет болуы мүмкін. Оқушылардың 7%-ында өміршеңдіктің жоғары деңгейі анықталды. Бұл білім алушылар жоғары стресс төзімділігімен, белсенді өмірлік ұстанымымен, өз күшіне деген сенімділігімен және қиындықтарды тиімді жеңе алу қабілетімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, оқушылардың 7%-ында өміршеңдіктің төмен деңгейі байқалды. Бұл олардың күйзеліске жоғары осалдығын, бейімделуде қиындықтардың болуын және психологиялық қолдауды қажет етуі мүмкін екенін көрсетеді.

Қорытынды: Жалпы алғанда, оқушылардың көпшілігі өмірлік қиындықтарды еңсеруге жеткілікті психологиялық ресурстарға ие. Алайда төмен өміршеңдік деңгейі анықталған оқушылармен қосымша профилактикалық және түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу ұсынылады.

Ұсынымдар

1. Стресске төзімділікті және өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған дамыту сабақтарын өткізу.
2. Өзіне деген сенімділікті және позитивті ойлауды дамыту бойынша тренингтер ұйымдастыру.
3. Тәрбие жұмысына эмоционалдық интеллектіні дамытуға арналған жаттығуларды енгізу.
4. Жасөспірімдерді күйзелістік жағдайларда қолдау мәселелері бойынша педагогтер мен ата-аналарға кеңес беру жұмыстарын жүргізу.

Мазасыздық деңгейін анықтау әдістемесі (Хмельницкая) бойынша диагностика

Диагностикаға қатысушылар: 5–6 сынып оқушылары

Оқушылардың жалпы саны: 16 адам

Диагностикадан өткендер: 11 адам

Диагностикадан өтпегендер: 5 адам

Диагностиканың мақсаты: Оқушылардың мазасыздық деңгейін анықтау, эмоционалдық шиеленіс дәрежесін және бейімделу барысында туындауы мүмкін қиындықтарды бағалау.

Диагностика нәтижелері

Уровень тревожности	Количество учеников	Процент (%)
Низкий	0	0
Средний	1	9
Повышенный	3	27
Высокий	7	64

Диагностика нәтижелері оқушылардың басым бөлігінде (64%) мазасыздықтың жоғары деңгейі анықталғанын көрсетті. Бұл айқын эмоционалдық шиеленісті, түрлі қорқыныштардың болуын, өзіне деген сенімсіздікті және оқу қызметіне бейімделудегі қиындықтарды білдіреді. Оқушылардың 27%-ында мазасыздықтың жоғарылаған деңгейі байқалады. Бұл балалар уайымдауға, алаңдаушылыққа бейім келеді және педагогтер мен ата-аналардың қолдауын қажет етеді. Оқушылардың 9%-ында мазасыздықтың орташа деңгейі анықталды. Бұл шартты түрде қалыпты көрсеткіш болып саналады, алайда бақылауды қажет етеді. Мазасыздықтың төмен деңгейі анықталған жоқ, бұл топтағы эмоционалдық шиеленістің жалпы жоғарылағанын көрсетуі мүмкін.

Ұсынымдар: 1. Мазасыздық деңгейін төмендетуге бағытталған түзету-дамыту сабақтарын өткізу. 2. Релаксацияға және эмоционалдық шиеленісті төмендетуге арналған жаттығуларды қолдану. 3. Мазасыздық деңгейі жоғары оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу. 4. Ата-аналарға мазасыз балаларды қолдау мәселелері бойынша кеңес беру. 5. Сыныпта қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру.

Әдістеме: «Саған қалай қарайды?» жедел сауалнамасы

(«Өркен» ҰҒПББҒИ ғылыми қызметкерлерінің авторлық ұжымы)

Өткізу мерзімі: 16–20.02.2026 ж.

Диагностикаға қатысушылар: 2–11 сынып оқушылары

Оқушылардың жалпы саны: 66 адам

Қатысқан оқушылар: 63 адам

Қатыспаған оқушылар: 3 адам

Сауалнаманың мақсаты: Баланың өмірінің әртүрлі салаларында зорлық-зомбылықтың (физикалық, эмоционалдық, вербалдық) ықтимал көріністерін анықтау, сондай-ақ білім алушылардың психологиялық әл-ауқатының деңгейін бағалау.

Сауалнамаға 63 оқушы қатысты, бұл білім алушылардың жалпы санының 95%-ын құрайды.

Алынған мәліметтер сауалнаманың анонимді түрде жүргізілуіне байланысты жалпыланған сипатқа ие және келесі қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

- Жалпы алғанда, сынып ұжымдарында қолайлы психологиялық ахуал қалыптасқан.
- Сонымен қатар, кейбір оқушыларда эмоционалдық жайсыздықтың болуы мүмкін екендігін көрсететін жекелеген жағдайлар анықталды.
- Қатарластары тарапынан вербалдық қысымның (ренжітетін сөздер айту, келемеждеу, мазақ ету) байқалу қаупі бар.
- Кейбір оқушыларда алаңдаушылық, қорқыныш немесе қорғансыздық сезімдері болуы мүмкін.

Қорытынды: Сауалнаманың анонимді түрде жүргізілуі оқушылардың өз пікірлерін ашық әрі шынайы білдіруіне мүмкіндік берді.

Нәтижелер зорлық-зомбылықтың және буллингтің алдын алу, сондай-ақ қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізудің қажеттілігін көрсетеді.

Әдістеме: К. Янгтың «Интернетке тәуелділік шкаласы»

Өткізу мерзімі: _____

Диагностикаға қатысушылар: 5–11 сынып оқушылары

Оқушылардың жалпы саны: 47 адам

Қатысқан оқушылар: 47 адам

Қатыспаған оқушылар: 0 адам

Диагностиканың мақсаты: Оқушылар арасындағы интернетке тәуелділік деңгейін анықтау, интернет-ресурстарды пайдалану ерекшеліктерін зерттеу және желіде шамадан тыс уақыт өткізудің ықтимал қауіптерінің алдын алу.

Нәтижелерді интерпретациялау

- 20–49 балл — интернеттің қалыпты пайдаланушысы;
- 50–79 балл — интернетті шамадан тыс пайдаланудың жекелеген белгілері бар;
- 80–100 балл — айқын интернетке тәуелділік.

Диагностика нәтижелері: Интернетке тәуелділік деңгейі | Оқушылар саны | Пайызы (%)

Қалыпты пайдаланушы (20–49 балл) | 41 | 87%

Жекелеген мәселелердің болуы (50–79 балл) | 6 | 13%

Айқын интернетке тәуелділік (80–100 балл) | 0 | 0%

Нәтижелерді талдау: Диагностика нәтижелері оқушылардың басым көпшілігі (87%) интернеттің қалыпты пайдаланушылары екенін көрсетті. Бұл олардың цифрлық ресурстарды ұтымды әрі бақылаумен пайдалану дағдыларының қалыптасқанын білдіреді. Оқушылардың 13%-ында интернетті шамадан тыс пайдаланудың жекелеген белгілері анықталды. Алайда бұл көрсеткіштер сыни деңгейде емес және уақытылы профилактикалық жұмыстар жүргізілген жағдайда түзетілуі мүмкін.

Зерттеуге қатысқан оқушылар арасында интернетке айқын тәуелділік жағдайлары анықталған жоқ. Бұл оң көрсеткіш болып табылады және білім беру ортасындағы жағдайдың қолайлы екенін көрсетеді.

Қорытынды: Жалпы алғанда, 5–11 сынып оқушылары арасындағы интернетке тәуелділік деңгейі қалыпты шектерде. Білім алушыларда интернет-ресурстарды пайдалануға жауапкершілікпен қарау дағдылары қалыптасқан, тәуелділіктің айқын қауіптері байқалмайды.

II. Түзету-дамыту бағыты бойынша өткізілген жұмыс.

Қараша-желтоқсан айларында 1 сыныбында бейімделу кезеңін жеңу үшін оқушылармен түзету-дамыту жаттығулар мен ойындар жүргіздім.

Қатысқандар 1 сынып оқушылары. Қатысқан оқушылар саны-10.

Сабақтың мақсаты: Есте сақтауды дамыту. Саусақтардың іс-қимылын дамыту.

Зейінді, санауды дамыту. Ойлау мен санауды дамыту. Логикалық ойлауды дамыту. Зейінді дамыту. Математикалық қабілеттерді дамыту "Жоғары", "төмен", "оңға", "солға" ұғымдарын игеру. Ойлауды, математикалық әрекеттерді орындау қабілетін дамыту.

Сәуір айында 9,10,11 сыныптарда «Мен өмірді таңдаймын!» кәсіби бағдар іс-шаралар жоспары бойынша жоғары сынып оқушыларына арналған тренинг өткіздім.

Мақсаты: оқушылардың өмірдегі өз орнын табуға көмектесу, жан дүниесін байыту арқылы адамгершілікке жетелеу. Жақсы қасиеттерді бала бойына дарыту. Өмірге деген құштарлықтарын, қызығушылықтарын ояту. Қатысқан оқушылар саны-18

Мамыр айында қорытынды аттестаттау мен ұлттық бірінғай тестілеуді сәтті тапсыру үшін психологиялық қолдау профилактикалық жұмыс жоспары бойынша 9-11 сынып оқушыларымен іс-шаралар өткізілді. Бастауыш сынып оқушыларымен оқушыларды дайындау бойынша «Қабылдау, есте сақтау, зейінді тұрақтандыру» тақырыбында тренинг, ойындар өткіздім. Өткізілген жұмыстардың мақсаты: бастауыш сынып оқушыларында есте сақтаудың дағдыларын қалыптастырып, есте сақтау қабілеттерін дамыту. «Қайтала» сіріңке шиімен ұйымдастырылған ойын, «Сөздер тізбегі» ойыны, «Есте сақта және тап», «Шатаспай есте сақта», «Қиял арқылы сөздерді есте сақтау» ойыны, «Кезек» ойыны, «Шкафқа жасыру» ойыны, «Басынан баста» ойыны, «Түйме» ойыны. Қаңтар айында 9,10,11 сыныптарында «Мен булинг, кибербулинг туралы не білемін?» тренинг өткіздім. Тренинг мақсаты: балаға деген эмпатия сезімін тәрбиелеу.

Желтоқсан айында 10 сыныпта оқушылардың эмоционалдық жағдайларын бәсендетуге арналған ойындар өткіздім.

Құқық бұзушылықтың алдын-алу жұмыстарының жоспары бойынша 6,7,8,9 сынып оқушыларына жадынамалар таратылып, ұсыныс айттым. Мектеп даярлық тобының оқушыларымен таңымдық процесстерді ойын, жаттығу арқылы дамыту. Ой-өрістерін өткізілген жұмыс бойынша арттыру. Зейіндерін, есте сақтау қабілеттерін, логикалық ойларын дамыту.

III. Профилактика және психологиялық ағарту жұмысы бойынша

Жыл бойы ата-аналарға отбасындағы қарым-қатынас мәселелері бойынша кеңес бердім және кеңес дәптеріне тіркедім. Наурыз айында сегізінші мен он бірінші сынып ата-аналарына мамандық таңдауда ата-ананың рөлі өте зор екенін айтып жадынама тараттым. Сәуір айында бірінші мен он бірінші сынып ата-аналарына балалардың ғаламтор желісіндегі мінез-құлқы туралы ата-аналарға кеңес бердім. Мамыр айында даярлық топ ата-аналарына балалардың мектепке бейімделуі туралы жадынама таратып, кеңес бердім.

7 сынып ата-аналарымен жиналыс өткіздім. Тақырып: «Буллинг, кибербуллинг»

Жиналыстың мақсаты: мектепте буллинг және кибербуллингті болдырмау, болған жағдайда себептері және алдын алу жұмыстары туралы түсінік беру.

Буллинг — басқа адамның жанын ауырту мақсатында агрессияны қолдану.

Қорлау жәбірленушіге ауыртпалық пен қайғы әкеледі. Оның агрессив мінез-құлқтың басқа түрлерінен ерекшелігі — бірнеше рет қайталанады және жеке адамға немесе топқа бағытталады.

Бүгінде буллинг әлем мектептерінде кеңінен таралып отыр.

Буллинг сөзі ағылшын тілінің *bully*, яғни қорқыту ұғымын береді. Бұл физикалық агрессияны ғана емес, психологиялық қысым, қорқыту, тартып алу, қорлау дегенді білдіреді. Мұндай теріс әрекеттер физикалық байланыс, сөздер немесе басқа да әдістер түрінде болуы мүмкін. Қатысқан ата-аналар саны: 9.

2025 жылғы 08-19 желтоқсан аралығында психологиялық қызмет жоспары бойынша мектепте "Психология онкүндігі" өткізілді. Онкүндігінің ашылуы. Дүйсенбі 08.12.

Жоспармен таңыстыру. «Түрлі түсті күн»

Ұраны: «Әрбір бұлтты күннен кейін, міндетті түрде күн шығады!»

Онкүндігінің ашылуы: таңертең оқушыларды ерекше қарсы алу.

"Психология онкүндігінің" ашылуына байланысты оқушылармен және мұғалімдермен ерекше кездесу өтті. "Өзінді мақта" жаттығуын өткіздім. Жаттығудың мақсаты-сенімділікті дамыту, өзін-өзі бағалау сезімін қалыптастыру. Оқушыларды онкүндігінің іс-шаралар жоспарымен таныстырдым. Жоспар бойынша әр күннің өз атауы мен ұраны болды. Бастауыш сыныптармен Люшердің түс сынағы бойынша көңіл-күй диагностикасы жүргізілді. Тесттің мақсаты адамның эмоционалды және психологиялық жағдайы, оның қалауы, ішкі қақтығыстар және қоршаған әлемді қабылдау туралы ақпарат алу. Тест нәтижелері бойынша оқушылардың эмоционалды жағдайлары олардың жасына сәйкес сезінеді және дамиды. Сыртқы және ішкі әлеммен үйлесімді. Оқушылар үлкен суретті түрлі түстермен безендірді. Сурет салу арқылы балаға әсер ететін арт-терапияның мақсаты. Арт-терапияның негізгі мақсаты-өнер арқылы баланың өзін-өзі көрсетуі мен өзін-өзі тануын дамыту. Оқушылар ашық түстерді қызығушылықпен безендіріп, қолданды.

Сейсенбі 09.12 «Бақытты күн»

Ұраны: «Әрбір адам, өз бақытының жаршысы» «Бой жеткен әдемі жүр, сыпайы күл!» фото суреттер көрмесі "Күліңіз, сізді камера түсіріп жатыр" фотокөрме.

Фотокөрменің мақсаты мектеп өмірінің жарқын сәттерін түсіру. «Әлем балалар көзімен» суреттер көрмесі "Мақсаты: Балалардың қиялын, шығармашылық қабілетін

дамыту Қоршаған ортаға, әлемге балалардың көзқарасын көркем өнер арқылы көрсету Балалардың өнерге деген қызығушылығын арттыру, эстетикалық талғамын қалыптастыру Жас дарындарды анықтау және қолдау Балалардың ішкі сезімін, ой-армандарын еркін жеткізуіне мүмкіндік беру Достыққа, бейбітшілікке, мейірімділікке тәрбиелеу. Сурет көрмесі «Әлем балалар көзімен» Көрменің мақсаты шығармашылық жұмыстарды құру арқылы қоршаған әлем туралы түсінік қалыптастыру.

Сәрсенбі 10.12.

«Ынтымақтастық күні»

Ұраны: Алтау ала болса ауыздағы кетер, төртеу түгел болса төбедегі келер. «Көңіл-күй картасы» Мақсаты: Балалардың (немесе қатысушылардың) өз көңіл-күйін тануына және түсінуіне көмектесу Эмоцияларды анықтау, ажырату және дұрыс жеткізе білу дағдыларын дамыту Өзін-өзі бағалау мен эмоционалдық сауаттылықты қалыптастыру. Қарым-қатынас барысында ашықтық пен сенімді атмосфера орнату. Психологиялық жай-күйді бақылау және қолдау көрсету. Стресті азайту, жағымды эмоцияларды арттыру

Біріктіру ойындары "Атомдар, молекулалар" ойыны. Ойынның мақсаты: оқушылардың бір-бірімен өзара әрекеттесуі және қолайлы эмоционалды фон құру Ойын ережесі: жүргізуші түсіндіреді: атом-ең кішкентай бөлшек. Ойында ойыншы Атом болады. Молекула атомдардан тұрады, сондықтан ойындағы бірнеше ойыншылардың тізбегіне бірігу молекула деп аталады. Жүргізуші: "атомдар" дейді. Барлық ойыншылар кездейсоқ қозғала бастайды. "Үш молекуладан" кейін ойыншылар үш адамнан тұратын топтарға қосылуы керек. Үштікке тұра алмайтын адам ойыннан шығарылады. Ал жүргізуші молекулалардағы атомдар санын өзгертуді жалғастыруда. Ойынды қиындатуға болады: атомдар көздерін жұмып қозғалуы керек. Бейсенбі 11.12.

«Қарым-қатынас күні»

Ұраны: Қарым – қатынас, өмір атты тағамның ең қажетті тұздығы.

«Күш бірлікте» жас мұғалімдермен психологиялық сабақ.

"Бірлік күште" жас мұғалімдермен тренинг.

Топты біріктіру және тиімді командалық өзара әрекеттесуді құру тренингінің мақсаты.

Жоспар

I. Танысу

Өзін-өзі таныстыру, топтарға бөлу

II. Топтық жұмыс

"Ұжым неғұрлым ұйымшыл болған кезде"

III. Ұжымдық жұмыс

"Қатардағы құрылыс", "тізбек" ойындары,

"Австралиялық жаңбыр"

IV. "Көбелектің қанаттары" рефлексиясы

V. Кері байланыс

Сауалнама" Ең мейірімді мұғалім " сауалнаманың мақсаты оқушылардың мұғалімдерге деген көзқарасын анықтау.

Сауалнама«Ең мейірімді Ұстаз» Оқушылардың ұстаздарға деген көзқарасын анықтау.Ұстаздың мейірімділік, қамқорлық, адамгершілік қасиеттерін бағалау.Оқушы мен мұғалім арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайту.Ұстаз еңбегін құрметтеу, жағымды үлгіні насихаттау

Қорытынды:

Сауалнама нәтижесі бойынша оқушылар мейірімді ұстазды – түсіне білетін, әділ, сабырлы, қолдау көрсететін тұлға ретінде қабылдайтыны анықталды. Мұндай ұстаздар оқушылардың сеніміне ие болып, олардың оқу үлгерімі мен тұлғалық дамуына оң әсер етеді. Сауалнама ұстаз бен оқушы арасындағы жылы қарым-қатынастың білім беру үдерісіндегі маңызын көрсетті.Сауалнама нәтижесі: көп дауыс жинаған мұғалімдер Қабдеш М.,Жаканова А.А.,Жамышев А.Б.,Асанов А.Ж.,Қабдеш Р.Е.

«Біздің мектепте болса деймін» тілектер мен ұсыныстар.Мақсаты: Оқушылардың мектеп өміріне қатысты ой-пікірін, тілектерін анықтау

Мектептегі білім беру мен тәрбие сапасын жақсартуға бағытталған ұсыныстар жинақтау.Оқушылардың белсенділігін, жауапкершілігін және өзіндік пікірін дамыту.Мектеп әкімшілігі мен оқушылар арасындағы кері байланысты нығайту.Қолайлы, қауіпсіз және қызықты білім беру ортасын қалыптастыру.Тілектер мен кеңестер " мен мектепте болғанымызды қалаймын.....»

Жұма12.12. «Жарқын болашақ күні»Ұраны: «Болашақ бүгінен басталады!»

«Мамандықтар әлемі» кәсіби бағдарлау сабағы.Мақсаты:Оқушыларды түрлі мамандықтармен таныстыру.Әр мамандықтың қоғамдағы маңызын түсіндіру. Оқушылардың қызығушылығы мен қабілетін анықтауға бағыт беру.

Болашақ мамандықты саналы таңдауға көмектесу.Өзін-өзі тану, мақсат қоя білу дағдыларын дамыту.

Сабақ барысында оқушылар әртүрлі мамандықтар туралы ақпарат алды.

Топтық жұмыстар, сұрақ-жауап, пікір алмасу және қызықты тапсырмалар орындалды.Оқушылар өз ойларын еркін білдіріп, қандай мамандық өздеріне жақын екенін анықтауға мүмкіндік алды.

Бүгінгі сабақта сендер мамандықтар әлемінің кең әрі қызықты екенін түсіндіңдер.Әр мамандық – маңызды және қоғамға қажет. Ең бастысы – өз қабілеттерің мен қызығушылықтарыңа сай мамандық таңдау. Алға қойған мақсаттарың айқын болса, болашақтарың да жарқын болады. Өзіңе сен, арманда және соған жетуге талпын!

Дүйсенбі 15.12. «Позитивті байланыс күні»Ұраны: «Болашақ бүгінен басталады!»

Тренинг:"Зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас".Мақсаты:

Оқушыларға зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас ұғымын түсіндіру.

Қарым-қатынаста сыйластық, түсіністік және мейірімділік дағдыларын қалыптастыру.Өз сезімін ашық әрі дұрыс жеткізе білуге үйрету.Қиын жағдайларды жанжалсыз шешу жолдарын көрсету.Бір-бірін тыңдау және құрметтеу мәдениетін дамыту.

Тренинг 7-8 сыныпта өткізілді.

Оқушылармен танысу, сенімді атмосфера қалыптастыру жаттығулары жүргізілді. Талқылау, жағдаяттық тапсырмалар, ойын элементтері арқылы зорлық-зомбылықсыз сөйлесу үлгілері қарастырылды.

Әр оқушы өз ойын еркін айтып, пікір алмасуға белсенді қатысты.

Қорытынды:

Тренинг барысында оқушылар зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынастың маңызын түсінді.

Бір-бірін тыңдау, сыйлау және эмоцияны дұрыс басқару жанжалдың алдын алатыны анықталды.

Оқушылар өзара қарым-қатынаста мейірімділік пен түсіністік танытуға дайын екендерін көрсетті.

Тренинг оқушылардың қарым-қатынас мәдениетін жақсартуға оң әсер етті.

<https://www.instagram.com/reel/DSpJA-GjCJV/?igsh=NG8wNWNqdmF0eTA1>

Сәрсенбі 17.12. «Отбасы күні» Ұраны: отбасылық құндылықтарды дәріптейміз. Ата-аналарға арналған кеңестер. Отбасылық психологиялық ойындар.

Мақсаты: Отбасындағы өзара қарым-қатынасты нығайту.

Ата-ана мен бала арасындағы сенімділік пен түсіністікті арттыру.

Баланың эмоционалдық жағдайын жақсарту.

Отбасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.

Бірге уақыт өткізудің маңызын түсіндіру.

Іс-шара барысында ата-аналарға отбасында қолдануға болатын психологиялық ойындар мен жаттығулар таныстырылды.

Ойындардың бала мінез-құлқы мен эмоциясын түсінуге көмектесетіні

түсіндірілді. Практикалық тапсырмалар арқылы ата-аналар ойындарды үй жағдайында қалай өткізуге болатынын меңгерді.

Пікір алмасу барысында ата-аналар өз тәжірибелерімен бөлісті.

Отбасылық психологиялық ойындар ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға ықпал етеді. Ата-аналар ойын арқылы баланың ішкі жан дүниесін түсінуге, оны қолдауға болатынын аңғарды.

Іс-шара нәтижесінде ата-аналар балаларымен ашық, мейірімді қарым-қатынас орнатудың маңызын түсінді. Берілген кеңестер отбасындағы жылылық пен бірлікті сақтауға көмектеседі.

<https://www.instagram.com/reel/DSXRakpjGuc/?igsh=ZTMxbHE0amV0OWR1>

Бейсенбі 18.12. «Қауіпсіздік және стресске төзімділік күні»

Ұраны: өзін және қасындағы адамдарды қорғау, оларға қалай көмек көрсету, стресске төзімділікті, позитивті өзін-өзі тануды және тиімді қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. .

«Стресті басқару» тренингі. Мақсаты: Оқушыларға стресс ұғымын және оның себептерін түсіндіру. Стресті жеңу және басқару тәсілдерін үйрету.

Эмоцияны реттеу, өзін-өзі бақылау дағдыларын дамыту. Психологиялық

тұрақтылықты қалыптастыру. Қиын жағдайларда сабыр сақтауға дағдыландыру.

Тренинг 7-8 сыныпта өткізілді.

Сенімді атмосфера қалыптастыру жаттығулары жүргізілді.

Оқушылар стресстік жағдайларды талқылап, тыныс алу, босаңсу, ойды оң бағытқа өзгерту әдістерін үйренді.

Практикалық жаттығулар мен пікір алмасу ұйымдастырылды.

Тренинг барысында оқушылар стрессті басқарудың тиімді жолдарын меңгерді. Өз эмоциясын тану және реттеу маңызды екені түсіндірілді.

Оқушылар алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана алатынын көрсетті.

Тренинг оқушылардың психологиялық саулығын нығайтуға оң әсер етті.

<https://www.instagram.com/reel/DSpJA-GjCJV/?igsh=NG8wNWNqdmF0eTA1>

Жұма 19.12. Шығармашылық күні

Ұраны: әр түрлі көркем шығармашылық түрлері арқылы балалардың қиялын және шығармашылығын дамыту және баланың жеке басының шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасау.

Он күндігінің қортындылау. Тілектер алаңы. Мақсаты: Қатысушылардың ой-пікірін, тілегін еркін білдіруге мүмкіндік беру. Жағымды көңіл-күй қалыптастыру. Бір-біріне қолдау көрсету, сенімді атмосфера орнату.

Ұжымдағы бірлік пен өзара сыйластықты нығайту

Іс-шара барысында қатысушылар арнайы дайындалған алаңға (плакат, стенд, тақта) өз тілектерін, жақсы ойларын жазды.

Әр қатысушы өз тілегін бөлісіп, жағымды сөздер айтылды.

Іс-шара еркін, жылы атмосферада өтті.

Мектепте өткізілген психологиялық он күндік жоспарына сай ұйымдастырылып, өз мақсатына жетті. Он күндік барысында оқушылардың психологиялық саулығын нығайтуға, өзара қарым-қатынасты жақсартуға, эмоцияны тану мен басқару дағдыларын дамытуға бағытталған түрлі іс-шаралар өткізілді. Тренингтер, сауалнамалар, ойындар, кеңестер және шығармашылық жұмыстар арқылы оқушылар, ата-аналар және педагогтер белсенділік танытты. Қатысушылардың психологиялық мәдениеті артып, мектептегі жағымды психологиялық ахуалдың маңызы айқындалды. Он күндік қорытындысы бойынша оқушылардың өз ойларын еркін жеткізуі, бір-біріне қолдау көрсетуі және жағымды қарым-қатынас орнатуы байқалды. Жоспарланған жұмыстар тиімді ұйымдастырылып, қатысушылар тарапынан оң пікірлер алынды.

Келесі 2026-2027 жылға ұсыныстар

Психологиялық он күндік аясында практикалық тренингтер санын арттыру.

Ата-аналарға арналған іс-шараларды (тренинг, кеңес) көбейту.

Жас ерекшеліктеріне сай тақырыптарды кеңейту.

Стресс, эмоцияны басқару, буллингтің алдын алу бағытындағы жұмыстарды жалғастыру.

Оқушылардың белсенді қатысуын арттыру үшін интерактивті әдістерді қолдану.

Оқу жылына арналған ұжыммен жұмыс жоспары бойынша жыл бойы мұғалімдерге мұғалімдер мен оқушылар арасында кездесетін келіспеушіліктің алдын алу бойынша жадынама мен кеңес беріліп отырылды және кеңес дәптеріне тіркеп отырдым. Қаңтар айында бесінші сынып жетекшілеріне оқушылардың орта буынға бейімделуі туралы кеңес берілді және кеңес дәптеріне тіркедім. Ұжымда қолайлы психологиялық микроклиматты қалыптастыру үшін қарым-қатынасты нығайту үшін тренинг өткіздім.

Тренинг мақсаты: педагогикалық ұжымның ынтымақтастығын, қарым-

қатынас дағдыларын, эмоционалдық тұрақтылығын, өзара достық қарым-қатынастарын арттыру.

Құқық бұзушылықтың алдын-алу жұмыстарының жоспары бойынша қараша айында бірінші және төртінші сынып ата-аналарына «Қатыгездіз балалық шақ» атты видеопрезентация көрсетіліп, жадынама таратылды. Сәуір айында даярлық топпен төртінші сынып ата-аналарына және сынып жетекшілеріне балалардың бос уақытын жоспарлау туралы жадынама таратылды. Мамыр айында төғызыншы және он бірінші сынып оқушыларына емтихан барысында өзінді қалай ұстау керек туралы жадынама таратылды. Мектеп жасындағы қыз балаларды жүкті болудан алдын-алу жұмыс жоспары бойынша қыркүйек айында бесінші, алтыншы, жетінші сынып оқушылар арасында, қыздарға қыз қандай болу керек? деген кеңес берілді.

Қараша айында сегізінші, төғызыншы, оныншы, он бірінші сынып оқушыларына және ата-аналарына дөңгелек үстел өткізіліп «Қызға қырық үйден тыйым» атты видеопрезентация көрсетілді. Сәуір айында алтыншы, жетінші сынып оқушыларына қыздарға махаббат - мәңгі ертегі туралы әңгімелесу және кеңестер берілді. Мамыр айында оныншы, он бірінші сынып қыздарына «ару қыздар – сұлулықтың символы» туралы кеңестер беріліп, жадынама таратылды. Жыныстық қол сұғылмаушылық алдын-алу жұмыстарының жоспары бойынша Қыркүйек айында «Баланың психологиялық даму ерекшеліктері» туралы ата-аналарға жадынамалар таратылды.

Қараша айында бесінші-он бірінші сынып оқушылары үшін сұраныс бойынша жұмыс жоспарлады. Наурыз айында сегізінші-он бірінші сыныптар арасында бозбала мен бойжеткен арасындағы қарым-қатынас туралы жадынамалар, кеңестер берілді. Мамыр айында бастауыш сынып оқушыларына бөгде адамдармен қарым-қатынас жасау, жеке тұлғалық қауіпсіздік туралы видеопрезентация көрсетілді.

Оқушылар арасында суицидті болдырмаудың алдын-алу іс-шараларының жұмыс жоспары бойынша келесі жұмыстар жүргізілді.

Жыл бойы сұраныс бойынша бірінші және онбірінші сынып оқушыларыменен жекелей жұмыс жоспарланды. Қыркүйек айында бірінші және төртінші сыныптар арасында буллинг және кибербуллинг дегеніміз... туралы жадынама таратылды.

Ақпан айында 9 сынып оқушыларыменен «Мен өмірді таңдаймын» атты тренинг өткіздім. Тренинг мақсаты: Өзін-өзі тану, көңіл-күйді және эмоцияны реттеу.

«Қыркүйек айында бірінші сыныпта ата-аналар жиналысын өткіздім. Тақырып: «Бірінші сынып оқушыларын бейімдеу»

«Қыркүйек айында бесінші сыныпта ата-аналар жиналысын өткіздім. Тақырып: «Бесінші сыныпқа оқушылардың бейімдеу»

«Қыркүйек айында 10 сыныпта ата-аналар жиналысын өткіздім. Тақырып: «10 сыныпқа оқушылардың бейімдеу».


2026ж. жазғы сауықтыру лагерінің психологиялық қызметінің жоспары бойынша жүргізілген жұмыстар.

Тренинг «Сәлем», танымдық процесстерді дамыту, біріктіру және танымдық процесстерді дамытуға арналған ойындар. Қарым-қатынасқа арналған ойындар. «Әлем балалар көзімен» атты сурет көрмесі, «Суретті аяқта» жаттығу.

Келесі 2026-2027 оқу жылына психологиялық қызметтің қойылатын ұсынысы:

1. 1, 5, 10 сынып оқушыларына бейімделу кезеңінде көмек көрсету
2. Мектепдаярлық тобының оқушыларына психологиялық көмек көрсету.
3. Жоғары сыныпта оқитын оқушыларға көмек көрсету.
4. Ата-аналармен сұраныс бойынша кеңес, консультация жүргізу
5. Оқушылардың әлеуметтік көзқарастарың дамыту.
6. Жүйкесі әлсіз оқушыларды диагностика арқылы анықтау.
7. Жас мұғалімдерге оқушылармен қарым-қатынасты нығайтуға ұсыныс беру

Педагог-психолог



Шокубасова А.М.